

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген ұйымдарының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 705 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) "Қарағанды металлургия институты" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - қоғам) тарату жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) құрылсын және қоғамның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін құрылатын кәсіпорынға берсін.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) кәсіпорын жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі